

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ АҚТАУ ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«Қ.БЕКЖАНОВ АТЫНДАҒЫ №10
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА №10 ИМЕНИ
К.БЕКЖАНОВА» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ АҚТАУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Бұйрық
№171 - нк
Ақтау қаласы

Приказ
26.08.2025ж
город Актау

**Жекелеген санаттағы білім алушылар мен
1-4 сынып оқушыларын тегін
тамақтандыруды ұйымдастыру және
жауапты тұлғаны бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31-қазанындағы «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалармен, ата-анасының қамқорлығынсыз қарған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» №598 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2021 жылғы 24 мамырдағы №231 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 31 шілдедегі №236 болып тіркелген) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

- 1.1. 2025 жылғы 02 қыркүйектен бастап 1-4 сынып және аз қамтылған отбасыдан шыққан 5-11 сынып аралығындағы оқушыларына тегін тамақ ұйымдастырылсын.
- 1.2 Ыстық тамақпен қамтамасыз етуге байланысты сараптама комиссиясы құрылып, жұмыс жоспары жасалсын.
- 1.3 Оқушылар санын анықтап, тамақтану кестесі жасау, уақытын белгілеу әлеуметтік педагог Ж.Е.Тайшоваға тапсырылсын.
- 1.4 Оқушылардың асханаға белгіленген кестеге сәйкес уақытында алып бару мұғалімдеріне міндеттелсін.
- 1.5 Сараптама комиссиясы тамақтандыру сапасын бақылап, мониторинг жасап отырсын. Қорытындысын мектеп сайтына жариялап отыру әлеуметтік педагог Ж.Е.Тайшоваға тапсырылсын.

Директор



Р.К.Курмангазиева